

**Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер пен толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 161 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 сәуірде № 9969 болып тіркелді

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3666 болып тіркелген) келесі өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесінде:

реттік нөмірлері 776, 970-жолдар алынып тасталсын;

келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 1003, 1004, 1005, 1006, 1007-жолдарымен толықтырылсын:

"

1003	Плотинка көлі	6	Денисов
1004	Ұзынсор көлі	300	Жангелдин
1005	Большое Горькое көлі	98	Ұзынкөл
1006	Желтое көлі	62	Ұзынкөл
1007	Сор көлі	98	Ұзынкөл

".

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жариялағанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК